



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

**Энергия менеджменті жүйелері
Қолдану бойынша талаптар және нұсқаулар**

**Системы энергоменеджмента
Требования и руководство по применению**

ҚР СТ ISO 50001-2012

*(ISO 50001:2011 «Energy management systems-Requirements with
guidance for use», IDT)*

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар
министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Энергия менеджменті жүйелері Қолдану бойынша талаптар және нұсқаулар

ҚР СТ ISO 50001-2012

(ISO 50001:2011 «Energy management systems-Requirements with guidance for use», IDT)

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар
министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2012 жылғы 07 тамыздағы № 379-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ISO 50001:2011 «Энергия менеджменті жүйелері. Қолдану бойынша талаптар және нұсқаулар» (Energy management systems — Requirements with guidance for use), халықаралық стандартымен бірдей, IDT

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУДІҢ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

2017 жыл
5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

«Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» сілтемесінде, ал өзгерістер мәтіні – ай сайынғы «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады. Осы стандартты қайта қараған немесе ауыстырған (жойған) жағдайда, тиісті ақпарат «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланатын болады».

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Терминдер мен анықтамалар	2
4 Энергия менеджменті жүйесінің талаптары	5
А қосымшасы (ақпараттық) Осы стандартты қолдану бойынша нұсқау	15
В қосымшасы (ақпараттық) ISO 50001:2011, ISO 9001:2008, ISO 14001:2004 және ISO 22000:2005 стандарттары арасындағы сәйкестік	23
Д.А қосымшасы (ақпараттық) Мемлекеттік стандарттардың сілтемелік халықаралық стандарттарға (халықаралық) құжаттарға сәйкестігі	26

Кіріспе

Осы стандарттың мақсаты ұйымдарға энергетикалық параметрлерді, соның ішінде энергетика тиімділігін, энергияны пайдалануды және энергияны тұтынуды жақсарту үшін қажетті жүйелер мен процестерді құру мүмкіндігін беруде жатыр. Осы стандартты енгізу энергияны (энергия менеджментін) жүйелік басқару жолымен қаржы шығындарын, көшетжай газдарының шығарындыларын және қоршаған ортаға басқа әсерлерді қысқартуға әкелуге тиіс. Осы стандарт географиялық, мәдени немесе әлеуметтік жағдайлардан тыс, барлық типтегі және өлшемдердегі ұйымдарға қолданылады. Ойдағыдай іске асыру ұйымды басқарудың барлық деңгейі мен қызметінің тартылуынан, әсіресе жоғары басшылыққа байланысты.

Осы стандарт энергетикалық саясатты әзірлеу және жүзеге асыру, құқықтық талаптар мен энергияны көп пайдалануға қатысты ақпарат ескерілетін, іс-шаралар мақсатын, міндетін және жоспарын қою бойынша энергия менеджменті жүйесіне (бұдан әрі - EnMS) қойылатын талаптарды белгілейді. EnMS ұйымдарға энергетикалық саясатты сақтау бойынша өз міндеттерін орындауға, оның энергетикалық тиімділігін арттыруға қажетті шараларды қабылдауға және осы стандарттың талаптарына жүйенің сәйкестігін көрсетуге мүмкіндік береді. Стандартты қолдану жүйенің қиындығын, құжаттама және қор дәрежесін есепке алумен ұйым талаптарына бейімделе алады, сондай-ақ ұйымның бақылауында іске асырылатын салаға жатады.

Осы стандарт Жоспар–Орындау–Тексеру–Жұмыс істеу (PDCA) принципіне негізделеді және ұйымның күнделікті тәжірибесіне энергия менеджменті жүйелерін жетілдіруге және енгізуге мүмкіндік береді. Осы бағыттың мәні 1-суретте келтірілген.


ЕСКЕРТПЕ Энергетикалық менеджмент контекстінде «Plan-Do-Check-Act» (PDCA) циклі ретінде белгілі әдістемені былайша сипаттауға болады:

- Жоспарлау (plan): Энергияны тұтынуға шолу өткізіңіз және энергияны тұтынудың базалық деңгейін, энергия тиімділігі көрсеткіштерін (EnPIs), ұйымның энергетикалық саясатына сәйкес энергия тиімділігін жақсартатын нәтижелерге қол жеткізуге қажетті іс-шаралар мақсатын, міндеттерін және жоспарларын белгілеңіз;

- Іске асыру (do): энергия менеджменті бойынша іс-шаралар жоспарын енгізіңіз;

- Тексеру (check): энергетикалық саясат және мақсаттар бойынша энергия тиімділікті анықтайтын, процестер мен операциялардың түйінді сипаттамаларын тексеріп өлшеңіз, нәтижелерін жазыңыз.

- Жұмыс істеу (act): Энергия тиімділігін және EnMS тұрақты жақсарту бойынша шаралар қабылдаңыз.



1-сурет – Осы стандартқа арналған энергия менеджменті жүйесінің моделі

Осы стандартты жалпы қолдану қолжетімді энергия көздерін аса тиімді пайдалануға, бәсекеге қабілеттікті жақсартуға және бұл әсері мен қоршаған ортаға байланысты басқа әсерлерді құратын, атмосфераға газды шығаруды азайтуға көмектеседі. Осы стандарт пайдаланылған энергия типінен тыс қолданылады.

Осы стандарт ұйымда EnMS сертификаттау, тіркеу және өздігінен бекіту үшін қолданылады. Ол ұйымның энергияны тұтыну саясаты аймағындағы талаптар мен сәйкес келетін заңнаманы орындау бойынша оның міндеттемелер шегінен тыс энергия тиімділігіне қойылатын абсолюттік талаптарды анықтамайды. Осылайша, ұқсас операцияларды, бірақ түрлі энергетикалық көрсеткіштермен орындайтын екі ұйым оның талаптарына сәйкес келуі мүмкін.

Осы стандарт ISO 9001 және ISO 14001 ерекшеліктерінде үйлесімділіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін ISO менеджмент жүйесіндегі стандарттардың жалпы элементтеріне негізделген.

ҚР СТ ISO 50001-2012

ЕСКЕРТПЕ В қосымшасында осы стандартпен ISO 9001:2008, ISO 14001:2004 және ISO 22000:2005 арасындағы өзара байланысты көрсетеді.

Ұйым ISO 50001 осы стандартты сапа жүйесі, қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау өндірістік қауіпсіздік сияқты басқа менеджмент жүйесіне ықпалдастыру үшін таңдайды.

Энергия менеджменті жүйелері
Қолдану бойынша талаптар және нұсқаулар
Energy management systems
Requirements with guidance for use

Енгізілген күні 2013-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт EnMS әзірлеу, енгізу, қолдау және жақсарту бойынша ұйымдастыруға қойылатын талаптарды белгілейді, мақсаты энергиялық тиімділік, энергияны қолдану және энергияны тұтынуды қоса алғанда, энергетикалық параметрлерді үздіксіз жақсартуға қол жеткізу үшін жүйелік бағытқа сүйенуде жатыр.

Осы стандарт энергияны пайдалану және тұтыну үшін, сондай-ақ өлшеу, құжаттама және есептілік, жабдықты сатып алу жабдықтарының жоспарлары мен әдістерін, жүйелерін, процестерін жүзеге асыру үшін, сондай-ақ энергиялық тиімділікке үлес қосқан қызметкерлерге қолданылатын талаптарды белгілейді.

Осы стандарт бақылауға болатын және ұйымдастыруға әсер ететін энергияны пайдалануға байланысты барлық факторларға таралады. Осы стандарт энергиялық тиімділікті бағалаудың нақты критерийлерін белгілемейді.

Осы стандарт өздігінен қолдануға әзірленген, бірақ ол басқа менеджмент жүйесіне келіседі немесе ықпал етеді.

Осы стандарт мәлімделген энергетикалық саясатта сәйкестікті қамтамасыз етуді және оны мұндай сәйкестік өздігінен бағалау және сәйкестікті өздігінен жариялау көмегімен немесе тарапты ұйымның EnMS сертификаттау көмегімен расталатын басқамен көрсетуді қалайтын барлық ұйымдарға таралады.

Осы стандарттың В қосымшасында қолданылуы бойынша ақпараттық нұсқау келтірілді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ 1.9-2007 Қазақстан Республикасында шет елдердің халықаралық, өңірлік және ұлттық стандарттарын, стандарттау жөніндегі басқа нормативтік құжаттарын қолдану тәртібі

ISO 9000:2005* Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер және сөздік.

